

## 2. КӨМІРТЕК МОНОКСИДІ НЕГІЗІНДЕГІ СИНТЕЗДЕР

Қазіргі кезде негізгі өнеркәсіптік органикалық синтез бен мұнайхимиялық өнеркәсіпте пайдалы органикалық қосылыстарды алудың кең қолданылатын ең тиімді әдістерінің бірі көміртек моноксиді негізіндегі синтездер болып табылады. Көміртек моноксиді негізіндегі синтездердің басым көпшілігі каталитикалық болып табылады. Әсіресе, ауыспалы металдар комплекстері қатысындағы көміртек моноксиді негізіндегі гомогенді-каталитикалық синтездердің іс жүзіндегі мәне зор және үлкен қызығушылық тудырады. Көміртек моноксиді негізіндегі синтездердің ішінен әсіресе органикалық субстраттарды көміртек моноксидімен карбонилдеу реакциясымен оттекті қосылыстарды синтездеуді ерекше айтуға болады. Карбонилдеу реакциясы органикалық қосылыстар молекуласына альдегидтік, карбонилдік, карбоксилдік, күрделі эфирлік және басқа да карбонил функциялы топтарды енгізудің маңызды тәсілі болып табылады. Бұл реакцияның кейбір бағыттарының өз атауы бар, мысалы, гидроформилдеу реакциясы (оксосинтез), гидрокарбалкоксилдеу реакциясы, гидрокарбоксилдеу реакциясы; бұл ең алдымен олардың үлкен практикалық мәніне байланысты.

Олефиндерді (мұнай өнімі) көміртек моноксиді (мұнай өнімі, сонымен қатар, көптеген өнеркәсіптік өндірістердің көптонналы зиянды қалдығы) және спирттер мен металкомплекстермен гомогенді катализдеу жағдайында гидрокарбалкоксилдеу реакциясы практикалық маңызы үлкен карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін бір сатыда оңай және тиімді синтездеуге мүмкіндік береді. Карбон қышқылдарының күрделі эфирлері еріткіштер, майлағыш майлар және пластификаторлар ретінде практикада кең қолданылады. Олардың кейбіреулері биологиялық активті болып, көптеген дәрілік заттардың құрамына кіреді немесе оларды синтездеу үшін қажетті жартылай өнімдер болып табылады. Көптеген күрделі эфирлердің ерекше өздеріне тән иісі болады және олар хош иісті заттар ретінде парфюмериялық және косметикалық бұйымдар, сабын, синтетикалық жуғыш